

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ - түрік университеті  
Шымкент кампусы  
«Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру» факультеті  
«ШКІ АУРУЛАР» КАФЕДРАСЫ

Әлеуметтік мәдени бағыты аясында атқарылған іс шара хаттамасы № 4

10.04.2024 ж.

Тақырыбы: «Тарихи-өлкетану орындары мен мәдени, қасиетті орындарға бару іс-шараларын ұйымдастыру аясында «Бейнелеу өнер мұражайымен» танысу.

Ұйымдастырған оқытушы: Джаппаркулова А.Б.

Интерн тобы: ЖТД – 09-22

Интерн топпен Шымкент қаласында орналасқан «Қуғын-сүргін мұражайымен» таныстық. 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Қазір елімізде ашаршылықты және 1930-50 жылдары болған саяси қуғын-сүргін кезеңін зерттеу қарқын алды. Құпия мұрағаттармен тыңғылықты жұмыс басталды.

Ол үшін арнайы комиссия да құрылды. Демек, осы зерттеулердің арқасында алда түрлі деректер мен тарихи фактілер алдымыздан шықпасына кім кепіл. Ал бұл деректері орналастырып, халыққа ұсынатын жалғыз мекен – мұражай болмақ. Ендеше елімізде саяси қуғын-сүргін кезеңіне арналған қандай мұражайлар бар еді, соған тоқталып өтсек.

Шымкент қаласының Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі елдегі ашаршылық құрбандары мен саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғаларға арнап ашылған тұңғыш мекеме. 2001 жылы 2 қарашада ел тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай құрылған. Бұрын Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары деп аталған.

Мұражайдың басты мақсаты – мемлекет және қоғам қайраткерлерінің және жаппай қуғын-сүргіннің құрбандары болған адамдардың құжаттары мен суреттерін жинау, таныстыру және насихаттау.

Музейдің ғимараты екі қабаттан тұрады. Басты бөлменің ортасы "Репрессия" мүсінімен экспозицияланған. Мұражайдың басты бөлімінде тікенді сыммен қоршалған Сталиннің бейнесі қойылған.

Жанында қуғын-сүргінде қаза болғандардың, ГУЛАГ лагеріне айдалған жандардың фотосуреттері жинақталған. Мұны портрет галереясы деп атасақ болады. Мұнда Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, Мұхамеджан Тынышпаев, Мағжан Жұмабаев және т.б. ұлы адамдардың портреттері ілінген.

Екінші қабатта – "Тағзым" залы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған. Онда өткен ғасырдың 30-32 жылдары атылған 2500 адамның есімі жазылған.

Яғни, Қазақстанның оңтүстік өңірінің тумаларының есімі тұр. Адам аты мәрмәр тасқа жазылған. Бөлменің дизайнымен үйлестіріп, символикалық мағынаға толы құлаған жылқының мүсіні сомдалған. Бұл – қазақ халқының қасіретін, трагедиясын білдіреді.


Мұражайдың тағы бір ерекшелігі бар. Ол – кинотеатр. Бұған арнайы бөлме арналған. Оған кіріп қуғын-сүргін кезеңіне айналған деректі фильм мен басқа бейнежазбаларды көруге болады. "Алжир" деректі фильмін көргіңіз келсе, Шымкент мұражайына баруға тура келеді.

Музей қоғамдық мәдениетті қалыптасырып, тарих туралы ой-өрісті кеңейтуге үлесін қосады. Саяси тұлғалардың өмір жолымен танысуға болады. Музей қызметкерлері саяси

оқиғалар мен қуғын-сүргін құрбандары жайлы түрлі дәрістер мен кездесулер өткізеді. Мәдени орынға жылына 15 мың адам келеді.

Қазір Президент Қ.Тоқаевтың "Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау" туралы қаулысына мұражай қызметкерлері зерттеу мен жинастыру жұмыстарын жүргізуде. Түркістан облысы (бұрынғы ОҚО) бойынша саяси қуғын-сүргін құрбандары мен жазықсыз ату жазасына кесілген азаматтардың саны 6932-ге жетті. Ақпарат нақты дерек көздерінен алынған. Зерттеу, зерделеу жұмыстары одан әрі жалғасуда.

Кафедра меңгерушісі:



Аманбаева Б.Қ.

Іс шара ұйымдастырушы оқытушы:



Джапшаркулова А.Б.







